


Орындаған:

Бөрібек М.,Оразалина Р.,

Еркін М.,Жылқаман Ф.

Қабылдаған:

Тулентаева К.

# Кітап туралы интернет-порталдарында:

**1.Әдебиет порталы** https://adebiportal.kz/

- **Бұл еңбекте музыкалық өнердің теориялық және практикалық мағынасын ашатын әл-Фараби шығармасының қазақ тіліне алғаш аударылған нұсқасы берілген. Онда музыка теориясы бойынша үлкен тарихнамалық материалдар қордаланған, музыкалық өнердің практикалық мағынасы мен адамның рухани әлемін қалыптастырудағы маңызы ашып көрсетілген.Кітап музыкатану мен арабистика, мәдениеттің теориясы мен тарихы саласының мамандарына, оқытушыларға, музыка мектебінің оқушылары мен консерватория студенттеріне және қалың оқырман қауымға арналған.**

**2.Ақиқат ұлттық қоғамдық саяси журналы** http://akikat.kazgazeta.kz/

**Әл-Фарабидің музыка саласында зерттеу жұмысын жүргізуіне ойшылдың өзі айтқаны сияқты уәзірдің «түсінуі жеңіл, барлығына қолайлы» музыка жайында кітап жазып шығу өтініші – оған негізгі импульс болып жігерлендірген. Бұл мақсатқа қол жеткізуі үшін ол, өз қағидасын ұстана отырып, музыка туралы ежелгі ойшылдардың, әсіресе, антикалық классиктердің, олардың ізбасарлары мен кейінгі ғалымдардың айтқандарымен танысып шығу ниетін ұстанған. Әл-Фараби олардың еңбектерін зерттей отырып, өзінен бұрынғылардың музыкадағы барлық мәселелер мен проблемалар сұраныс қылынған көлемде толық зерттелмегенін анықтаған. Ал, оларды таныстыратын теориялар болса бұлынғыр әрі бір-бірімен байланыссыз болған, яғни олар әл-Фарабидың шынайы таным үшін басшылыққа ұстанған критериилерін қанағаттандырмады. Нәтижесінде мәдениеттің феномені ретіндегі музыканың мүшкіл күйі, уәзірдің өтінішіне жауап беріп, «Музыка туралы үлкен кітапты» жазып шығуға алып келген.**



**“МӘДЕНИ МҰРА” МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ.**

# Музыка өнеріне кіріспе



**Әуелі Музыка өнері деп нені меңзейтінін қысқаша айта кету керек.**
**«Музыка» [әл-мусиқа] сөзі әуенді білдіреді.**
**«Әуен» [әл-ләхн] белгілі тәртіппен құрылған түрлі дыбыстардың жиынтығын және әдеттегі сияқты мағынаны білдіру үшін белгілі әдіспен құрылған,сөз тіркестері пайда болған«әл-хуруф» фонемаларының жиынтығын білдіреді.**

Бірінші кітапқа келсек, ол екі бөлімді қамтиды: біріншісі - «Музыка өнеріне кіріспе», екіншісі өнердің өзіне арналады. Музыка өнеріне кіріспе бөлімінің өзі екі бөліктен тұрады, ал музыка өнеріне арналған бөлім үш білімнен құралған:

- **Бірінші білім:** Музыкалық өнердің негіздері мен оған қатысты мәселелер жайында.
- **Екінші білім:** белгілі музыкалық аспаптар жайында, оларды саздау және аккомодация мен сезімді қабылдаудың негіздері хақында.
- **Үшінші білім:** жеке-дара әуендердің түрлері турасында.
















**866 хижра жылының рабиғ әл-Әууәл айының он төрті. Түсініктеме жазған пақыр Ахмад Мұхаммад Ражи оған құдіретті әрі жаратушы Раббысының мейірімі жаусын» деген сөздермен аяқталады. Сондай-ақ, біздің қолымызда 1930-1935 ж.ж. Парижде жарық көрген барон Рудольф д'Эрланженің француз тіліндегі Әл-Фарабидің музыка жайындағы зерттеуі бар. Ол төрт дана қолжазбадан аударылған.**

**Олар:**

**1.Лейден кітапханасында №1427 сақтаулы, 133 беттік толық қолжазба. Ол 943 хижра жылында көшірілген. Біз оны м [мим] әрпімен белгіледік.**

**2.Милан кітапханасында №289 сақтаулы, 195 беттік толық қолжазба. Ол 784 хижра жылында көшірілген.**

**3.Бейрут кітапханасында сақтаулы толық емес қолжазба.**

**4.Мадридтегі «Эскориал» кітапханасында №906 сақтаулы, 183 беттік толық емес қолжазба. Оның көшірілген мерзімі көрсетілмеген. Көшірмеші - Әбу әл-Хасан ибн Әбу Камәл әл-Курди.**

# Назарларыңызға рахмет !!!